# ТЕНДЕР КЗ

| № 135 (3266) | 20 сентября 2024 г. | Выходит 5 раз в неделю. | Распространяется на всей территории Казахстана. | Издается с 01 июля 2009 г. | www.tendr.kz |
|---|---|---|---|---|---|

**"Бейнеу-Шымкент газ құбыры" ЖШС** 2024 ж. 10 қыркүйек күні https://qaztp.kz/auction/240823-277422 электрондық порталында өткен "Бозой" компрессорлық станциясының газ айдаушы агрегаттарына сервистік қызмет көрсету" ашық тендері өткізілмеді деп танылғанын хабарлайды.

**ТОО "Газопровод Бейнеу-Шымкент"** объявляет о том, что открытый тендер "Сервисное обслуживание газоперекачивающих агрегатов компрессорной станции "Бозой"", проведенный 10 сентября 2024 г.  на электронном портале https://qaztp.kz/auction/240823-277422 признан несостоявшимся.

**"Бейнеу-Шымкент газ құбыры" ЖШС** 2024 ж. 21 тамыз күні 10 сағат 00 минутта, www.bsgp.kz сайтында өткен "ВК қызмет көрсету, тамақтандыру, КС клинингі, ЖПУ әкімшілік ғимараттарына қызмет көрсету" ашылған тендері өткізілмеді деп танылғанын хабарлайды.

**ТОО "Газопровод Бейнеу-Шымкент"** объявляет о том, что открытый тендер "Обслуживание, питание ВП, клининг КС, обслуживание административных зданий РЭУ", проведенный в 10 часов 00 минут 21 августа 2024 г. на сайте www.qaztp.kz признан несостоявшимся.

**"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ еншілес компаниясы "ҮМЗ" АҚ жылжымалы мүлкті сату бойынша сауда-саттықты өткізеді.**

1. Сауда - саттық нысаны - аукцион ағылшын әдісі бойынша;
2. Сауда-саттық 10.10.2024 ж. сағат 14-00, Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102, 500 корпус, оқыту сыныбы мекенжайы бойынша өтеді;
3. Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдер 04.10.2024 ж. сағат 16-00 дейін, Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102, 499-корпус, 104/3 каб. мекенжайы бойынша қабылданады (ғимаратта "Қазпошта" АҚ бөлімшесі, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ филиалы орналасқан);
4. Толық ақпарат "ҮМЗ" АҚ сайтында көрсетілген: www.ulba.kz - Қоғам туралы - Хабарландыру тақтасы - Сауда-саттық;
5. Анықтама телефоны: 8(7232) 29-83-38,8(7232) 29-86-94.

**АО "УМЗ", дочерняя компания АО "НАК "Казатомпром"", проводит торги по реализации движимого имущества.**

1. Форма торгов - аукцион по английскому методу;
2. Торги состоятся 10.10.2024 г. в 14-00 ч. по адресу: г. Усть-Каменогорск, пр. Абая, 102, корпус 500,  учебный класс;
3. Заявки на участие в торгах принимаются в срок до 16-00 часов 04.10.2024 г. по адресу: г. Усть-Каменогорск, пр. Абая, 102,корпус 499, каб. 104/3 (в здании находится отделение АО "Казпочта", филиал АО "Народный банк Казахстана");
4. Подробная информация указана на сайте АО "УМЗ": www.ulba.kz - Об обществе - Доска объявлений - Торги;
5. Справки по телефону 8(7232) 29-83-38, 8(7232)29-86-94.

## АИТВ профилактикасының маңызы

АИТВ-инфекциясы алдын алудың, диагностиканың, емдеудің және күтімнің тиімділігіне қолжетімділіктің артуы арқасында емделетін созылмалы ауру санатына көшті. Дегенмен, бірқатар себептерге байланысты бұл әлі де қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі жаһандық проблемаларының бірі болып табылады. Негізгі себептер адамдардың өз АИТВ статусын білмеуімен және тестілеуге қол жеткізе алмауымен байланысты.

АИТВ-инфекциясын толық емдейтін және организмнен вирусты шығаратын құралдар жоқ екені белгілі. Дегенмен, тиімді профилактикалық шаралар бар: анадан балаға жұқтырудың алдын алу, есірткіні қолданудан болатын зиянды азайту шаралары, байланысқа дейінгі және одан кейінгі профилактика, презервативтерді қолдану, және де АИТВ-ның алдын алудың ең негізгі бөлігі - антиретровирустық терапия (ART), бұл арқылы адам иммун тапшылығы вирусын бақылап отыруға және оның басқа адамдарға таралуын болдырмауға болады.

АИТВ-инфекциясының алдын алудың маңызды құралы халықтың әртүрлі топтары арасында ақпараттық жұмыс болып табылады. Айта кету керек, егер әрқайсымыз өзімізден бастасақ және АИТВ-ның алдын алу бойынша жеке шараларды үнемі орындасақ, ақпарат тиімді болады. Ағымдағы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша 77% жағдайда АИТВ-инфекциясы жыныстық қатынас арқылы жұқтырылған, олардың жартысынан көбі бұрын АИТВ-ға тексерілмеген.

АИТВ-инфекциясының басқа аурулардан ерекшеленетін клиникалық белгілері жоқ. Аурудың басында АИТВ-инфекциясы мүлдем көрінбеуі немесе жіті респираторлық вирустық инфекция сияқты дамуы мүмкін, сондықтан адам өзінде АИТВ бар екенін білмей, бірақ басқалар үшін инфекция көзі болуы мүмкін. Организмде АИТВ-ның бар-жоғын зертханалық тексеруге қан тапсыру арқылы анықтауға болады. Сондықтан, егер сіздің өміріңізде қауіп факторлары болса, бірінші қадам - АИТВ-ға тестілеуден өту. АИТВ статусын білу АИТВ-ның алдын алу принциптерінің бірі және денсаулықты сақтау жолындағы маңызды қадам болып табылады. АИТВ инфекциясының ерте кезеңдерінде емделуге қол жеткізу үшін АИТВ-ға уақтылы тестілеу өте маңызды.

АИТВ-ның адамнан адамға қалай берілетінін және қандай қауіп факторларының инфекцияға әкелуі мүмкін екенін жақсы түсіну үшін вирустың қасиеттері мен АИТВ-ның берілу жолдары туралы білу жеткілікті. Адамның иммун тапшылығы вирусы негізінен қан жасушаларында (лимфоциттер) өмір сүреді және көбейеді, олар ағзаны кез келген бөгде агенттерден (бактериялардан, вирустардан, паразиттерден және т.б.) қорғауға жауапты. Вирус адам қанында көбейіп, иммундық жасушалардың қызметін бұзады және әлсіретеді, біздің қорғаныш жасушаларымыздың саны бірте-бірте азаяды, вирусқа қарсы емдеуді қоса алғанда, ешқандай шаралар қабылданбаса, иммунитет тапшылығы жағдайы дамиды.

АИТВ үш жолмен берілуі мүмкін: қан арқылы, жыныстық қатынас және АИТВ жұқтырған анадан балаға. Адам ағзасындағы вирус көбінесе қанда, ұрықта және қынаптық секрецияда кездеседі. Парентералды немесе қан арқылы жұғу негізінен есірткіні инъекция арқылы қабылдайтын адамдарда жиі кездеседі. АИТВ-инфекциясы адамдар есірткіні инъекциялау үшін ортақ шприцтер мен инелерді пайдаланған кезде жұғады, тіпті ортақ шприцті кездейсоқ бір рет қолданғанда жұқтыру қаупі өте жоғары.

Жыныстық жол арқылы барлық қорғалмаған, яғни мүшеқапсыз жыныстық қатынас түрлері арқылы жұқтыруға болады, Вирус шәует пен вагинальды секрецияда көп мөлшерде болғандықтан, АИТВ инфекциясы бір жыныстық қатынастан кейін де жұғуы мүмкін. Жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың болуы АИТВ жұқтыру қаупін 2-3 есе арттырады.

АИТВ жұқтырған әйелден оның баласына жүктілік, босану және емізу кезінде жұғуы мүмкін. Сондықтан бала тууды жоспарлаған әрбір әйел жүктілік кезінде екі рет АИТВ-ға тексерілу керек, оң нәтиже болған жағдайда профилактикалық емдеуді дер кезінде бастай алады, босану тактикасын таңдап, жаңа туған нәрестені бақылайды. Сонымен қатар, алдын алудың барлық ережелерін сақтау және АИТВ-ға тестілеуден өту әйелдің жыныстық серіктесі үшін өте маңызды. Сондықтан жүкті әйелге АИТВ-ға тесттіжыныстық серіктесімен бірге тапсыру ұсынылады.

АИТВ қол алысу және құшақтасу сияқты қалыпты қатынас арқылы, ыдыс-аяқ пен басқа заттарды ортақ пайдалану немесе ауа арқылы берілмейді.

Қорытындылай келе, АИТВ-инфекциясының алдын алу үшін қандай ережелерді сақтау керектігін еске салғым келеді:

- кездейсоқ жыныстық қатынастан бас тарту;
- есірткіден бас тарту;
- АИТВ статусын білетін бір жыныстық серіктеске адал болу;
- егер сіздің серіктесіңіздің АИТВ-ны жұқтырғандығы туралы хабардар болмасаңыз, презервативтерді дұрыс қолдану инфекция қаупін айтарлықтай төмендететінін есте ұстаған жөн;
- АИТВ-ға тұрақты тестілеуден өту.

**Бекетова Ж.Қ.**
**АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығының дәрігер-эпидемиологы**

МЕДИЦИНСКИЙ ЦЕНТР
Belon medical

ПРИЕМ СПЕЦИАЛИСТОВ:

Стоматолог
ЛОР (детский, взрослый с выездом)
Гинеколог высшей категории
Маммолог высшей категории
Дерматовенеролог высшей категории
Гастроэнтеролог
Эндокринолог
Офтальмолог
Невропатолог
Кардиолог
Терапевт
Педиатр (с выездом)
Уролог
Хирург
Мануалист
УЗИ всех органов
ЭКГ
Дневной стационар
Все виды анализов

г. Астана, ул. Жубанова, 24
тел.: 8(7172) 93 99 15
моб.: 8 702 845 99 05
e-mail: medical@belon.kz,
Сайт: www.belon.kz
ЧАСЫ ПРИЕМА:
Каждый день с 08:00-20:00 ч.
ПО ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЙ ЗАПИСИ

МЕДИЦИНСКИЙ ЦЕНТР Belon medical

- ПРОКТОЛОГ
- ДЕРМАТОВЕНЕРОЛОГ
- ГИНЕКОЛОГ
- УРОЛОГ
- ТЕРАПЕВТ
- УЗИ ВСЕХ ОРГАНОВ
- МЕДИЦИНСКИЕ АНАЛИЗЫ
- УЗИ ИССЛЕДОВАНИЯ
- КОНСУЛЬТАЦИИ
- СТОМАТОЛОГИЯ





Наш адрес:
010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул.Жубанова,24
Тел/факс: +7 (7172) 93-39-46, e-mail: medical@belon.kz ,
www.belon.kz



# Офисы в аренду

## Во всех районах города Астаны





От 10 до 90 кв.м. От 3000 тенге/кв.м Тел. 8-778-188-15-61.






ТИХИЙ УЮТНЫЙ
"BELON LUX HOTEL"

удачно расположен в самом центре столицы Республики Казахстан между Домом министерств и символом города - Байтереком. В пешей доступности находятся все достопримечательности, офисы крупных компаний, городские рестораны и кафе, Центральный концертный зал и многое другое.

Астана, ул. Достык,13, тел: +7(7172) 57-41-04, + 7 707 900 89 93
e-mail: info@belon.kz


Belon Home
Квартиры гостиничного типа в аренду во всех районах города Астаны
"Упакованные". Оплата ежемесячно. Тел: 8 777 191 3940


NEW · NEW · NEW · NEW ·
SKIF
Проспект Женис 51
+7 (702) 527-20-01


TUMAR
Дорогие жители и гости столицы!
Банкетный зал "ТУМАР" приглашает Вас
провести важное
для Вас событие в большом
уютном и светлом зале!
Контакты: 8 (708) 323 94 26 Аружан!
Адрес: Желтоксан2т, Ресторан «Tumar»







Собственник:
ТОО «Издательство БМ»
Свидетельство о постановке на учет средства массовой информации № 10693-Г от 26 февраля 2010 года.

Выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан.
Адрес редакции: Республика Казахстан, 010000, г. Астана, мкр. Самал 9, офис 1

Тел./ф: 8 (7172) 43 91 07.

E-mail: info@tendr.kz
www.tendr.kz

Ответственность за содержание рекламы и объявлений несет рекламодатель.
Перевод с государственного языка на русский и наоборот осуществляет рекламодатель.

Главный редактор
**Болат Ережепов**
Газета печатается в типографии ТОО «Издательство БМ», г. Астана, ул Жубанова, 24/1.
8(7172) 93-98-25
Заказ № 135 ТК

**Выходит 5 раз в неделю (вторник, среда, четверг, пятница, суббота). Общий тираж 20000 экз.**